

Британ философы әрі математигі Бертран Рассел: «Өзгеріс пен прогресс екі бөлек нәрсе», – деп жазды. Кітаптың оныншы басылымында мемлекеттік қаржы саласындағы жетістіктерді көрсететін өзгертулер енгізуді жалғастырдық. Дегенмен оқулықтың негізгі миссиясын, яғни экономика құралдарын мемлекеттік шығындар мен салық саясатын талдау үшін қалай пайдалануға болатынын түсіндіруді басты назарда ұстауға тырыстық.

Мемлекеттік қаржы саласы үздіксіз дамып келеді. Мемлекеттік саясаттың әсерін өлшейтін жаңа эксперименттік, квази-эксперименттік техникалар бар және экономикалық теория арқылы мемлекеттік шығындар мен салық салу туралы жаңа түсініктер де анықталуда.

Оқырманды қолданыстағы саясат пен мемлекеттік қаржыға қатысты соны зерттеулерден хабардар ететін бұл кітапта осы саладағы белсенді экономистердің еңбегі жан-жақты қамтылған. Ұсынылған ақпарат күрделі болғанымен, экономика саласында білім алуға бет қойған бакалавриат студенттеріне барынша түсінікті етіп жазуға тырыстық.

Оныншы басылымның әр тарауында жаңа дүниелер бар. Өзгерістердің ұзақ тізімін ұсынудың орнына, кейбір негізгі жаңалықтарды атап көрсеткіміз келеді.

ЖАҢА ТАҚЫРЫПТАР

Салық заңнамасына енгізілген өзгерістер

2013 жылдың 1 қаңтарында Конгресс «2012 жылғы америкалық салық төлеушілерге арналған жеңілдіктер туралы» заңды қабылдады. Көпшілік осы даулы заңнамалық актінің табысы жоғары салық төлеушілерге салынатын салық мөлшерлемесінің көтерілуін талқылағанымен, құжат сондай-ақ капиталдан түсетін пайда мен дивидендтерге, мұра салығына және ең төмен балама салыққа айтарлықтай өзгерістер енгізген еді. Осы өзгерістерді ескере отырып, 17, 19 және 21-тараулар жаңартылды.

Трансұлттық корпорацияларға салық салу

Жаһанданудың қарқыны күшейген сайын, трансұлттық корпорацияларға салық салу мәселесі өзекті мәселеге айналды. Атап айтқанда, АҚШ-та отандық фирмалардың шетелде тапқан корпоративтік пайдасына салықты қалай салу керектігі туралы қызу пікірталастар жүрді. Корпоративтік салық туралы сөз болатын 19-тарауда осы түйткіл жан-жақты талқыланды; жаһандық салық және корпоративтік пайдаға салынатын аймақтық салық деп аталатын екі балама жүйеге баға берілді.

Денсаулық сақтау

2010 жылы президент Обама денсаулық сақтау нарығындағы үкіметтің рөлін айтарлықтай өзгерткен «Қолжетімді медицина туралы» заңға (ACA) қол қойды. Үкімет пен денсаулық сақтау нарығы жайындағы тарауда (10-тарау) ACA туралы талқылаулар бар, оның ішінде міндетті медициналық сақтандыруға ерекше назар аударылды.

Федералдық қарыз

Соңғы жылдары жалпы ішкі өнім үлесіндегі АҚШ үкіметі қарызының мөлшері айтарлықтай өсті. Осы жағдайдан кейін «қарыздың жоғары деңгейі бюджеттік дағдарысқа әкелуі мүмкін бе» деген сұрақ туды. Бұл мәселе 20-тарауда дефицитті қаржыландыру тақырыбында талқыланды.

Жақсартылған графикалық талдаулар

Соңғы жылдары федералдық үкімет шығынының едәуір өскенін байқаймыз. Сондықтан үкімет қызметінің ауқымын түсіну күн өткен сайын маңызды бола түсуде. Осыған орай 1-тараудағы жаңа графиктер қысқаша әрі ыңғайлы шолулар ұсынады.

Оныншы басылымдағы барлық өзгеріс студенттерге шығын мен салық салудағы мемлекеттің рөлі туралы нақты және дәйекті көзқарас қалыптастыруға көмектеседі деген ойдамыз. Көпжылдық саясаттағы тәжірибемізге сүйене отырып, мемлекеттік қаржы саласының заманауи саясаттағы мәселелерді қарастыруда практикалық және баға жетпес құрылым қалыптастырады деген сенімдеміз. Бұл оқулықта Вашингтонда жұмыс істеген кезіміздегідей, дұрыс экономика мен нақты саясаттағы мәселелерді талдау арасындағы байланысты көрсетуге тырыстық.

Харви Ш. Розен мен Тед Гейер

ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛДАР МЕН ҚОСЫМШАЛАР

Анимациялық *PowerPoint* слайдтары

Висконсин Ла-Кросс университетінің қызметкері Донна Андерсонның мұқият жаңартылған және жан-жақты дайындалған *PowerPoint* презентацияларында студенттерге күрделі түсініктерді анықтауға көмектесетін анимациялық графиктер мен сызбалар бар.

Тест жинағы

«Мемлекеттік қаржы» кітабының тест жинағында күрделі, жан-жақты сұрақтар көп болып келді және бұл дәстүр оныншы басылымда да жалғасты. Кітаптағы озық жаңалықтарға сәйкес, тест жинағы да жаңартылды. Әр тараудағы жаңа сұрақтар студенттердің білімін тексеруге қосымша мүмкіндік береді.

Оқытушыға арналған нұсқаулық

Карсон-Ньюман университетінің қызметкері Тори Найт нұсқаулықты қайта қарастырды; мұнда оқытушыға арналған ресурстар мен тарау соңындағы сұрақтардың толық шешімі берілген.

Онлайн-оқу орталығы: www.mhhe.com/rosen10e

Онлайн-оқу орталығында студенттер *PowerPoint* слайдтары мен қызықты веб-сілтемелерге қол жеткізе алса, оқытушылар құпия сөзбен қорғалған қосымша нұсқаулық ресурстарын жүктей алады.

CourseSmart

CourseSmart – оқытушыларға арналған электронды оқулықтарды іздеудің және қараудың жаңа әдісі. Бұл – сондай-ақ курстың электронды материалдарына қызығушылық танытатын студенттер үшін тамаша мүмкіндік. *CourseSmart* көптеген жоғары оқу орындары баспаларында жарық көрген, ең көп қолданылатын мыңдаған оқулық ұсынады. Бұл – профессорлардың оқулықтың толық мәтінін оқуына, салыстыруына мүмкіндік беретін интернеттегі бірден-бір жүйе. Еңбекті *CourseSmart-тан оқитын* студенттер қағаз бетінде жарық көрген кітаптың бағасымен салыстырғанда 50%-ға дейін үнемдей алады. Қуатты уеб-құралдарына, соның ішінде мәтінді толық іздеуге, кітап бетінде жазбалар мен бетбелгі қоюға және өзгелермен бөлісуге арналған электронды пошта құралдарына қол жеткізе алады. Әр кітап бойынша толық технологиялық қолдау да қолжетімді.

Өзіңізді қызықтырған кітаптың электронды нұсқасын табу оңай. Ол үшін www.CourseSmart.com сайтына кіріп, атауы, авторы немесе *ISBN* бойынша іздеңіз.